



## Жойылып бара жатқан хотон тіліндегі антропонимдер<sup>1</sup>

Г. Нямдаваа<sup>a</sup>, \*Н. Әбдікәрім<sup>b</sup>

<sup>a</sup>Моңғол мемлекеттік университетінің Батыс өңірлік Ховд университеті, Ховд, Моңғолия  
(E-mail: [nyamdavaakhovd@gmail.com](mailto:nyamdavaakhovd@gmail.com))

<sup>b</sup>Ш. Шаяхметов атындағы «Тіл-Қазына» ұлттық ғылыми-практикалық орталығы,  
Астана, Қазақстан Республикасы  
(E-mail: [nursana@yandex.ru](mailto:nursana@yandex.ru)). \*Байланыс үшін автор: [nursana@yandex.ru](mailto:nursana@yandex.ru)

### ARTICLE INFO

**Кілт сөздер:**  
хотондар  
және көші-қон,  
генезис, түркі  
тілдері және  
жойылып бара  
жатқан тіл,  
Батыс Моңғолия,  
миноритарлық  
тіл,  
антропоним, есім  
семантикасы,  
құрылымдық  
өзгерістер,  
моңғол тілінің  
ықпалы, тілдік  
байланыстар.

XҒТАР 16.41.25;  
16.21.47

DOI: <http://doi.org/10.32523/2664-5157-2025-1-178-192>

### АННОТАЦИЯ

Қазіргі антропологияның өзекті мәселелерінің бірі – этникалық иденти-фикацияның жоғалуы және аз ұлт тілдерінің жойылуы. Осының аясында алып қарағанда, мақалада омнимдер, атап айтқанда, жойылып бара жатқан хотон тілінің антропонимдері зерттеледі. Тарихи тұрғыдан хотон тілі – түркі тілдерінің қарлұқ тобының қарлұқ-ұйғыр кіші тобына жататын ұйғыр тілінің диалектісі. Қарлұқ тілдерінің этникалық негізі Батыс Түрік қағанаты, кейінірек Ұйғыр және Қарахан мемлекеттері аумағында шоғырланған қарлұқ-ұйғыр түркі тайпаларынан бастау алатыны белгілі. Кейін түркі тайпалары Орталық Азиядан шығысқа қарай қоныс аударып, отырықшылыққа көшіп немесе көшпенді болып қала отырып, Шығыс Түркістандағы бірқатар тарихи мемлекеттік құрылымдардың қалыптасуында маңызды рөл атқарды. Қазіргі уақытта хотон тілінің тасымалдаушылары ҚХР-дың Шыңжаң-Ұйғыр автономиялық ауданында және Батыс Моңғолия аумағында (Баян-Өлгий аймағы) тұрады.

Бұл мақаланың зерттеу нысаны – Моңғолияда тұратын хотондар. Хотон этнонимінің генезисі әлі де болса таласты жағдайда, оның шығу тегі ұйғырлармен, қырғыздармен, қалмақтармен, моңғол-ойраттармен байланыстырылып жүр. Автор мақалада орыс, еуропа, моңғол, қытай дереккөздеріне сүйене отырып, хотондардың шығу тегі туралы әртүрлі көзқарастарды ашып көрсетеді және олардың көші-қон тарихын, наным-сенім жүйесін, дәстүрлері мен тілін сақтау мәселелерін, сондай-ақ моңғол тілдік ортасындағы ассимиляциясын қарастырады. Осы мақсатқа жету үшін экспедициялар ұйымдастырылып, информанттармен сұхбат

<sup>1</sup>Мақала AP19675461 «Жоғалып бара жатқан түркі тілдерін пәнаралық тұрғыдан зерттеу: Моңғолиядағы хотон этнотобы» тақырыбындағы гранттық жобаны орындау барысында жазылды.

және сауалнама жүргізілді, хотон тілінің лексикалық жүйесі, әсіресе антропонимдері зерттелді. Зерттеу барысында хотондардың ат қою дәстүрінде көне түркілік дәстүрлердің жұрнақтары сақталғаны анықталды, мысалы: ат тергеу, рулардың және аймақтық этникалық байланыстардың атауына байланысты есім беру; сондай-ақ зоонимдер мен адамның әлеуметтік мәртебесіне (-хан, -бай, -май, -дай) аффиксоидтары бар алтай-түркілік текке) қатысты ат қою. Хотондарға аулауға созылыңқы дауысты дыбыстары бар есімдер тән екендігі (аа, оо, ээ: Шалдаа, Шөвөө, Шүлкээ, Чойдоо, Жаваа, Сэртээ) анықталды. Хотон сөздері мен антропонимдеріндегі дауысты дыбыстардың ұзақтығы моңғол тілінің ықпалына байланысты. Сонымен қатар, моңғол тілінің әсері басқа да фонетикалық заңдылықтарда, деривациялық аффиксоидтарда байқалады: түркілік хан лексемасы хаан/хоон, ал бай > бой/вой/бо, дай/май > даа болып өзгереді және т.б. Шамасы, хотон тілі моңғол тілінің тарапынан қатты ассимиляцияға ұшыраған және қазіргі уақытта жойылудың алдында тұр. Хотон тіліне орыс, үнді-тибет, араб-парсы тілдік байланыстары да ықпал еткен.

Зерттеу нәтижесінде анықталған антропонимдер жойылып бара жатқан хотон тілін инвентаризациялау мен оның сөздік қорын толықтыру үшін пайдаланылуы мүмкін.

**G. Nyamdavaa<sup>a</sup>**

*<sup>a</sup>Western Regional University Khovd Mongolian State University, Khovd, Mongolia  
(E-mail: nyamdavaakhovd@gmail.com)*

**\*N. Abdikarim<sup>b</sup>**

*<sup>b</sup>National scientific and practical center «Til-Qazyna» named after Sh. Shayakhmetov,  
Astana, Republic of Kazakhstan.  
(E-mail: nursana@yandex.ru)*

*\*Corresponding author: nursana@yandex.ru*

### **Anthroponyms in the endangered Hoton language**

**Abstract.** One of the pressing issues in contemporary anthropology is the loss of ethnic identity and the extinction of minority languages. This article examines anthroponyms in the endangered Hoton language, historically a Uyghur dialect within the Karluk branch of Turkic languages. The ethnic foundation of Karluk languages traces back to Karluk-Uyghur Turkic tribes, which consolidated within the Western Turkic Khaganate and later in the Uyghur and Karakhanid states. Turkic tribes later migrated eastward, adopting a sedentary or nomadic lifestyle and shaping state formations in Eastern Turkestan. Today, Hoton speakers reside in the Xinjiang Uyghur Autonomous Region of China and western Mongolia (Bayangol

Received 13 February 2025. Revised 15 February 2025. Accepted 06 March 2025. Available online 30 March 2025.



**Дәйексөз үшін:** Г. Нямдаваа, Н. Әбдікәрім Жойылып бара жатқан хотон тіліндегі антропонимдер // Turkic Studies Journal. 2025. Т. 7. № 1. С. 178-192. DOI: <http://doi.org/10.32523/2664-5157-2025-1-178-192>

**For citation:** G. Nyamdavaa, N. Abdikarim Anthroponyms in the endangered Hoton language // Turkic Studies Journal. 2025. Vol. 7. No 1. P. 178-192. DOI: <http://doi.org/10.32523/2664-5157-2025-1-178-192>

Prefecture), experiencing linguistic and cultural assimilation, leading to the gradual erosion of their language.

The study focuses on the Hoton people living in Mongolia. The origins of the ethnonym 'Hoton' remain a subject of debate, with connections drawn to the Uyghurs, Kyrgyz, Kalmyks, and Oirat Mongols. Based on Russian, European, Mongolian, and Chinese sources, the authors of the article explore various perspectives on the origin of the Hotons, addressing their migration history, religious beliefs, and the challenges of preserving traditions, language, and identity within a Mongolic-speaking environment. To achieve this goal, field expeditions, interviews, and surveys of informants were conducted, along with a lexical analysis of the language, focusing particularly on anthroponyms. The study revealed that traditional Turkic naming customs persist among the Hotons, including name taboos, clan-based naming, regional ethnic interactions, and naming linked to zoonymy and social status (Altaic-Turkic suffixoids: *-khan*, *-bai*, *-tai*, *-dai*). Typical Hoton names feature long final vowels (aa, oo, ee: Shaldaa, Shövöö, Choydoo, Javaa), attributed to Mongolic influence. Further phonetic changes under Mongolic influence are observed in derivational suffixoids: *khan* shifts to *khaan/khon*, *bai* > *boi/voi/bo*, *dai/tai* > *daa*, etc. It is likely that the Hoton language is undergoing strong assimilation by Mongolic languages and is now on the verge of extinction. The Hoton language has also been influenced by Russian, Indo-Tibetan, and Arabic-Persian linguistic contacts.

The anthroponyms identified in this study can serve as a valuable resource for documenting and enriching the lexical database of the endangered Hoton language.

**Keywords:** Hotons and migration, ethnogenesis, Turkic languages and endangered language, Western Mongolia, minority language, anthroponym, name semantics, structural changes, Mongolic language influence, language contacts.

**Г. Нямдаваа<sup>a</sup>**

*<sup>a</sup>Западный региональный университет Ховд Монгольского государственного университета, Ховд, Монголия  
(E-mail: nyamdavaakhovd@gmail.com)*

**\*Н. Абдикәрим<sup>b</sup>**

*<sup>b</sup>Национальный научно-практический центр «Тіл-Қазына» имени Ш. Шаяхметова, Астана, Республика Казахстан  
(E-mail: nursana@yandex.ru)*

*\*Автор для корреспонденции: nursana@yandex.ru*

### **Антропонимы в исчезающем хотонском языке**

**Аннотация.** Одной из актуальных проблем современной антропологии является утрата этнической идентичности и исчезновение малочисленных языков. В данном контексте в статье исследуются онимы, в частности, антропонимы исчезающего хотонского языка. Исторически хотонский язык относится к диалекту уйгурского языка, карлукско-уйгурской подгруппы, карлукской группы тюркских языков. Известно, что этническая база карлукских языков восходит к карлукско-уйгурским тюркским племенам, консолидировавшихся на территории Западного тюркского каганата, затем – Уйгурского и Караханидского государств. Позже тюркские племена мигрировали

из Центральной Азии на восток, переходили к оседлости или оставались кочевыми и сыграли важную роль в создании сменяющих друг друга государственных образований в Восточном Туркестане. В настоящее время носители хотонского языка проживают в Синьцзян-Уйгурской автономии КНР и на территории Западной Монголии (Баянго-Монгольская префектура).

Объектом исследования данной статьи оказались хотоны, проживающие в Монголии. Генезис этнонима «хотон» до сих пор является дискуссионным, связывается с уйгурами, кыргызами, калмыками, монголами-ойратами. Авторы статьи на базе русских, европейских, монгольских, китайских источников, раскрывая различные точки зрения на происхождения хотонов, отмечают историю миграции, верований, проблемы сохранения традиций, языка и ассимиляции хотонов в монголоязычной среде. Для достижения данной цели были проведены экспедиция, интервью-опросы информантов, изучен язык в его лексической системе, в частности, антропонимы. В процессе исследования выявилось, что в имянаренении хотонов сохранились реликты древних тюркских традиции: табуирование имён, наречение по названию рода и ареальных этнических контактов; имянаренение также связанное с зоонимами и социальным статусом человека (алтае-тюркского происхождения с аффиксоидами *-хан*, *-бай*, *-тай*, *-дай*). Типичными для хотонов оказались имена с долгими гласными в ауслaute (*аа*, *оо*, *ээ*, *Шалдаа*, *Шөвөө*, *Шүлжээ*, *Чойдоо*, *Жаваа*, *Сэртээ*). Долгота гласных в хотонских словах и антропонимах обусловлена влиянием монгольского языка. Также влияние монгольского языка отмечается и в других фонетических закономерностях, в деривационных аффиксоидах: тюркская лексема *хан* изменяется в *хаан/хоон*; *бай* > *бой/вой/бо*; *дай/тай* > *даа* и т.п. Вероятно, язык хотонов подвергается сильной ассимиляции со стороны монгольского языка и сейчас находится на грани исчезновения. Влияние на хотонский язык оказали русские, индо-тибетские, арабо-персидские языковые контакты.

Выявленные в результате исследования антропонимы могут быть использованы как источник для инвентаризации и пополнения словарного запаса исчезающего хотонского языка.

**Ключевые слова:** хотоны и миграция, генезис, тюркские языки и исчезающий язык, Западная Монголия, миноритарный язык, антропоним, семантика имён, структурные изменения, влияние монгольского языка, языковые контакты.

## Кіріспе

Моңғолияда өмір сүретін жиырма сегіз этнос екі топқа жіктеледі: моңғолтектес және түркітектес. Түркітектердің қатарына қазақ, моншақ, тыва, түркілік ұраңхай, хотон, цаатан, чантуу этностары кіреді. Қазақтар мен цаатандардан (соңғы деректер бойынша бұл тілде сөйлейтін 300-дей адам қалған) басқасы өз тілдерін ұмытып, моңғолтілді қауымға айналған. Солардың бірі – хотондар. Олар шамамен 300 жыл бұрын Моңғолияның батыс өлкесіне қоныстана бастаған және өткен ғасырдың 90-шы жылдарына дейін сол аймақта шашырамай өмір сүріп келген. Бұл олардың тілін ұмытса да, салт-дәстүрін және мұсылмандықтың суннит бағытының жартылай болса да сақталуына біршама жақсы жағдай жасады. Қазіргі кезде аталған елдің барлық өлкесінен хотондарды кездестіруге болады және олар моңғол тілінің солтүстік ойрат диалектісінде дөрвітше және Моңғол елінің әдеби тілі – халха диалектісінде де сөйлейді.

Түр-әлпеті, наным-сенімі бойынша моңғолтектес халықтардан ерекшеленетін *хотон* [xotɪn] деп аталатын шағын этникалық топ туралы алғашқы мәлімет орыстың саяхатшы

ғалымдарының экспедициялық материалдарында кездеседі. Г.Н. Потаниннің «Очерки Северо-Западной Монголии» деп аталатын еңбегінің «Котоны на западномъ берегу озера Киргизь-норь» атты бөлімінде түркі-татар тілінде сөйлейтін, мұсылмандықтың кейбір белгілерін сақтаған халық туралы жазба бар. Олар өздерін *мусурмань* десе, дәрбэттер (дөрвіт – Авторлар) оларды *котонь* деп атайтындығы және көшпелілікпен қатар егіншілікпен де айналысатындығы туралы мәлімет қалдырады (Потанин, 1883: 15). Бұдан кейін 40 жыл өткен соң Батыс Моңғолияға сапар шеккен Б.Я.Владимирцов (1911 ж.) хотондар тілдерін толықтай ұмытып, тіпті отбасында да қолданбай, дөрвіт диалектінде сөйлейтін (Владимирцов, 1916: 272) қауымға айналғандығы туралы жазба қалдырады. Содан бері А. Самойлович өзіне дейінгі екі ғалымның жинақтаған сөздерін талдап, шағын түсіндірмелі сөздік жасады. Ал Г.Е. Грум-Гризмайло, Ц.Номинханов, Ц. Жамсарано, Б. Аристов, В. Радлов, Б. Ренчин, С. Бадамхатан, Ж.Батсуурь, Ц. Цэрэндаш, С. Басан т.б. шетелдік және моңғолдық сан алуан саланың мамандары бұл тақырыпқа өз зерттеулерін арнады. Ғалымдарды көбінесе «хотон» этнонимінің мәні, бұл жаққа қалай, қашан келгендігі, ұстанатын діндері, антропологиялық ерекшелігі, генефонды, салт-дәстүрі, тұрмыс-тіршілігі, шаруашылығы және т.б. мәселелер қызықтырумен келеді.

Хотондар өздерін Күнхэр (Күнхэр, Кункяр) ханның иелігінен келген деп есептейді. Моңғолдардың түсінігінде «Хүнхээрийн орон» (Күңкер елі) деген – батыста өмір сүрген бір мұсылман ханның елі. Ал моңғолдың тарихи жазбаларында түрік сұлтанын осылай атаған, тіпті *кун* – түркі, *нар* – хаған деген мағынаны білдіретін тибет сөзі; ерте дәуірден XV ғасырға дейінгі Үнді, Қытай және Моңғолдардың байланысының тарихы жазылған «Хөх дэвтэр»-де Чағатай өзінің 4-ші ұлы Кункэр-тайшты Рим, Түрік, Византия елдерінің (бұл Ыстанбұл болуы мүмкін) ханы сайлап, таққа отырғызады (Санхүү, 2015: 164) деген де дерек кездеседі.

Зерттеушілер хотондардың бұл өлкеге қоныстануы уақыты мен себебін әзірге нақты айта алмаса да, төмендегі болжамдарды ұсынады:

1. XV-XVII ғасырларда Моңғол империясы ыдырағаннан кейін басына ақ мата ораған дінбасылар мен хатунның жалшылары қазіргі Хяргас (Қырғыз) көлінің жағасына келіп қоныстанады.

2. Жоңғар ханы Галдан бошигт Синьзян, Шығыс Түркістан жақтан әскеріне азық-түлік әзірлету үшін ұйғырларды алып келеді.

3. Жоңғарлардан бөлініп Алтайдың арғы жағындағы Іле өзенінен көшкен дөрвіттерге жолдан шабуыл жасаған түркілерді Цэрэн-Уваш хан қолға түсіреді. Оған разы болған Маньчжур ханы түркілерді Цэрэн-Уваштың билігіне береді. Оның қол астындағы түркілер Түргэн, Сагиль, Давст сұмындарында тұрып, өздерінің түп-тамыры, әдет-ғұрпын толықтай ұмытып, дөрвіттеніп кетеді. 1758 ж. Маньчжур ханы Қырғыз көлінің маңында қоныстанған бұрынғы хотондарды да Дөрвіт далай ханға береді. Осы кезден бастап 1921ж. Социалистік революцияға дейін хотондардың тағдыры тым мүшкіл күйге түседі (Санхүү, 2015: 27-32).

Социалистік режим орнаған кезден бастап хотондар білім алу, оқу, жұмыс істеу және т.б. азаматтық құқықтарға ие болады. Бірақ атеистік идеологияның етек алуына байланысты қалыптасқан әдет-ғұрыптары, діни жоралғылары мен т.б. рәсімдері шектеуге тап болады. Сондықтан арабша хат танитын молдалардың қатары сиреп, Құран аяттары мен сүрелерін жасырын түрде ауызша жаттайтын болған. Қайта құру кезеңінен (2000 ж.-дың басынан) хотондар өздерінің тарихы мен тілін ашық түгендеп, мәдениетін жаңғыртуға кірісті.

## Материалдар мен әдістер

Жойылған тілдің лексикасын, оның ішінде, қазір қолданыстан шыққан адам есімдерін түгендеп, түркілік сипатын анықтау үшін XVIII ғасырдың екінші жартысында хотондардың аузынан жазып алған Г.Н. Потаниннің 87 сөзі, Б.Я. Владимирцовтің 123 сөзі және бұл жазбалар негізінде құрастырылған А. Самойловичтің шағын түсіндірмелі сөздігі; С.Бадамхатанның диссертациясындағы 130 сөз бен сөйлем; Б. Санхүүдің басшылығымен жарық көрген «Худая» (2004), «Хотон ардын аман зохиол»<sup>1</sup> (2014) кітаптарында және «Хотон монголчуудын түүх, соёлын судалгаа»<sup>2</sup> (2015) бюллетені; «Хотон ястны ургийн алтан бичээс»<sup>3</sup> (2019) шежіресі; Х.Ламжав құрастырған «Тариалан сумын товч тайлбар толь»<sup>4</sup> (2019) және т.б. жинақтар. Жоба тобының 2023, 2024 жылдары Моңғолияның хотон өкілдері тұратын аймақтарына жасаған далалық экспедициясы кезінде тіркеген информанттардың аты-жөні; хотондардың моңғолша қалыптасқан ауыз әдебиеті үлгілеріндегі түркілік есімдер, Моңғолия халықтарының антропонимдік статистикалық сайты зерттеу материалдары ретінде алынды.

Зерттеу материалдарын жинақтау үшін дереккөздерді іздестіру, сараптау, тіркеу және тізім жасау жұмысы жүргізілді. Хотон есімдерін талдау барысында тарихи-салыстырмалы және типологиялық-салғастырмалы әдістер кеңінен қолданылды. Бір этнос өкілдерінің есімдерін этнопрагматикалық шеңберде қарастыру арқылы олардың типтік түрлері анықталды. Ал лексика-грамматикалық, семантикалық және деривациялық талдау негізінде хотон есімдерінің жасалу жолдары көрсетілді.

Моңғолтілді қауымның фонологиялық заңдылықтары, дыбысталым ерекшелігі бойынша моңғол кириллицасымен жазылған есімдерді түркілік сипатқа (негізінен, қазақ тіліне) бейімдеп тану, аудару, қажет болған жағдайда транскрипциялау тәсілі қолданылды.

## Талдау

Жоғарыда аталған орыс және шетел ғалымдары Батыс Моңғолияда дөрвіттер мен баядтардың арасында егіншілікпен және мал шаруашылығымен айналысатын, өздерінің тілін ұмытып бара жатқан түркілік этнос жайлы мәлімет қалдырып, сол кездегі хотондардың аузынан біршама сөздерді жазып алады. Ал хотондарды моңғол зерттеушілері қандай сұрақтар бойынша қарастырды дегенге келер болсақ, этнограф С. Бадамхатан (1958) хотондар жайлы барлық сұрақтарды қамтуды көздеген диссертациялық еңбек жазған; проф. Ж.Батсуурь және шәкірті Ц. Цэрэндаш генетикалық тұрғыдан зерттеген. 2000 жылдан бастап математик, мәдениеттану ғылымының докторы, хотон бурд элкінінің өкілі Б. Санхүү туған халқының материалдық емес мұраларын жинақтап, жарыққа шығарумен айналысып келеді.

Түрколог ғалымдар да, атап айтсақ, О. Қаратаев хотондарды қырғыздардың ұрпағы дей келіп, Моңғолиядағы этнонимдік және топонимдік атаулардағы «қырғыз» сөзіне талдау жасайды (Karataev, 2015: 11-20). Тілі мен мәдениеті жойылу қаупі бар түркі халықтарының мәселелері бойынша ұйымдастырылған халықаралық симпозиум, конференция материалында да хотондар жайлы жалпы санаулы мақалалар бар.

<sup>1</sup> «Хотон ауыз әдебиеті»

<sup>2</sup> «Хотон моңғолдардың тарих, мәдениетінің зерттеулері»

<sup>3</sup> «Хотон этносының тегінің алтын жазбасы»

<sup>4</sup> «Тариалан сұмынының қысқаша түсіндірме сөздігі»

Ресей Федерациясы мен Моңғолия ғалымдарының жекелеген/біріккен гранттық жоба аясында хотондардың рухани және мәдени мұралары, этникалық бірегейлігі зерттелген. Олар хотондарды «... қазіргі кезде моңғол этносының және ойрат халқының бір бөлшегі, тілі мен мәдениеті толықтай моңғолданған» (Донгак, 2019: 105-108) деп есептейді.

Хотондар өздерінің түп-тамырын таратуда Ш. Уәлиханов еңбектеріне жиі сілтеме жасайды, ал Ш. Құдайбердіұлының «Түрік, қырғыз-қазақ һәм хандар шежіресі» еңбегінде қазіргі хотондардың мекен етіп келген жерлері нақты көрсетіліп, олардың қалмақтар тұтқынға алған түркілер екендігі және егіншілікпен айналысатындығы айтылады (Шәкәрім, 1991: 65). Демек, қазақ ғалымдары мен зерттеушілеріне сөз болып отырған этнос бұрыннан таныс болған. Тіпті А. Сейдімбектің «Қазақтың ауызша тарихы» еңбегіне сілтеме жасай отырып, «... бұл Арғынның Қотан ата атымен бөлініп кеткен бір бұтағы болуы кәдік. Қотанқарағай жерін осы румен байланыстыратын тарихшылар да бар» деген пікірді де кездестіреміз (Смайыл, 2013: 245). Осы айтылғандарды жинақтай келгенде, моңғолдық хотондар бір емес, бірнеше түркі тайпаларынан құралған шағын этнос ретінде қалыптасып, белгілі бір уақыт аралығында түркілік миноритар тілде өзара түсініскені анық. Ол тілдің қандай болғандығы және түркі тілдерінің нақты қайсысына жақын екендігін зерделеп, дәлелдеген ғылыми еңбек жоқ.

Хотон тілі қазір жойылған тілдердің қатарында болғанымен, діни және тұрмыстық рәсімдер кезінде айтылатын ауызша сақталған мәтіндер бар. Бұл мәтіндер туралы венгр ғалымы Т.Ф. Magdalena былай дейді: «Ер баланы мұсылмандық бойынша молда немесе хотон кітапты<sup>5</sup> адам сүндетке отырғызады және олар тибет немесе араб па, әлде түрк тілінде (белгісіз тілде) дұға оқиды (Magdalena, 1979: 25). Осындай «үкімнен» соң ешкім хотон тілін зерттеуге құлықты болмаған тәрізді. Бұл мәтіндер молдалар арқылы ауызша тарап, тым қатты интерполяцияға ұшыраған, моңғолданған нұсқасы бүгінгі күнге жеткен. Хотон молдалары кейбір сөздерді ғана болмаса, мәтіннің мәнін толық түсінбейді және бір мәтіннің өзі он шақты нұсқада қолданыста жүр. Сондықтан ғалымдардың бұл мәтіндерді зерттеуге ниеті болса да, бірі түркі тілдерінің, енді бірі моңғол тілінің заңдылықтарын жете білмегендіктен, оған қоса мұнда мұсылмандық діни мәтіндер де араласып жүргендіктен, текстологиялық талдау жүргізу оңай болмаған.

Хотон тілін ғылыми тұрғыдан жан-жақты зерттеп, оның түркі тілдері арасындағы орнын айқындау үшін бұл мәтіндермен қатар халықтың жадында қалған басқа да тілдік деректерге көңіл аударған орынды. Сондай бағыттың бірі – ономастикалық деректер, яғни жалқы есімдер. Жалқы есімдердің ішінен хотондарға тән антропонимдер, топонимдер, теонимдерді арнайы зерттеуге болады. Хотондарда діни ұстанымдарына байланысты қалыптасқан *Амаль Хумаль*, *Хан Хожя Худая* және т.б. теонимдер бар; сонымен қатар 300 жыл бойы мекен еткен жерінде біраз топонимдерді де қалыптастырған. Антропонимдердің жер-су атауларына айналғаны да кездеседі. Біз мақала көлеміне бағына отырып, адамдардың есімі, яғни кісі аттарын қарастырдық. Оны зерделеу арқылы хотондардың ат қою ерекшелігі, тегі, әкесі, туыстық байланысы, ұлты, кәсібі, діни наным-сенімі, белгілі бір кезеңдегі трендтік ат қою рәсімі тәрізді көптеген сұрақтарға жауап алуға болады.

Хотондар ұзақ жылдар бойы түркі мәдениеті мен дүниетанымынан алшақтап, моңғолтілді ортада оқшауланғанымен, өздерінің түп-тамырын ұмытпауға талпынып, отбасылық иерархияны сақтап, ата-баба жолын, ұрпағын жалғастыруды қасиетті міндеттерінің бірі деп біледі. Оған дәлел ретінде ата жолындағы 9-шы ұрпақ, ал ана

<sup>5</sup> Хотонша оқыған – Авторлар

жағынан 5-ші ұрпақ алмаспайынша қыз алысып, қыз берісіп, құда-құдандалы болмау қағидасын берік ұстанатындығын айтуға болады. Сонымен қатар «Хотон салтында атасының (моңғ. өвөг эцэг) есімін ұмыттырмас үшін төменгі 4-6 буынға, яғни шөбере, шөпшек, неменесіне қоятын болған» (Санхүү, 2019: 34). Бұл салт ұзақ жылдар бойы үзіліп қалған, 2000 жылдан бері қайта жанданып, *Бажу*, *Хайрол*, *Жирэнтэй* және т.б. есімдер қойылып жатқаны хотондар тұратын өлкеде жүргізілген жоба тобының 2023-2024 ж. экспедициясы кезінде белгілі болды.

Хотон антропонимдері экстралингвистикалық факторлардың әсерінен басқа түркі халықтарына қарағанда өзіндік ерекшелікте болары сөзсіз. Біздің назарымызды бірден аударғаны – генонимдер немесе хотондардың бір атадан тараған элкэндерінің атауы. *Элкэн* сөзі моңғолша *элэг*, дөрвітше *элкэн* [elkin], қазақшасы *бауыр* (дененің бір мүшесі) деген сөз. Орыс және шетелдік ғалымдардың еңбектерінде: 1. Аджу Курман 2. Яас (Жас) 3. Ильба (Ильбя, Нилва) 4. Бурут 5. Удзюбек (Өзбөк) 6. Джуппар 7. Касыл 8. Шалбак 10. Жәс 11. Хөчгәлд 12. Шаавай деп аталатын 12 элкэн тіркелген. Осындағы *Аджу Курман* (*Ач/ж Курман/Курман*), *Худай берди*, *Хочгәлд* (*Хөчгәлд*), *Джуппар* және т.б. есімдер апеллятивтеніп, элкэндердің жалпы атауына – генонимге айналған. Ал қазіргі хотондар 7 элкэннен құралады, оның әрқайсысы бірнеше *гал*-ға (бұрынғы атауы *отог*, қазіргісі *гал* (қаз.: *от*)) бөлінеді: 1. Шаавай, 28 гал; 2. Хольдог, 14 гал; 3. Бурд, 12 гал; 4. Шалбаг, 8 гал; 5. Оготор, 6 гал; 6. Хасан, 3 гал; 7. Хөчгәлд, 2 гал. Бұлар (галдар) әрі қарай жіктеліп *Уртынхан* (*ұзындардікі*), *Олон хэлнээнхэн* (*Көптілділердікі*), *Оймстынхан* (*Шұлықтылардікі*), *Доголонгийхан* (*Ақсақтардікі*) тәрізді т.б. өзіндік атаулармен аталады, яғни жалқы есімдер жалпы есімдермен немесе керісінше ауыстырылып, антономазия құбылысы орын алған. Мұндай атаулардың кейбірі сол әулеттің бас адамының аты немесе оларға тән жиынтық қасиеттердің белгісі, тіпті әулеттің лақап аты ретінде көрініс тапқаны байқалады. Мысалы, Шаавай элкэннің ішіндегі «Өрдөг» галынан тарайтын *Дуваан*, *Мэндбаяр*, *Вавааш*, *Буудай*, *Элдээ*, *Шүгжиг*, *Өргөнөө* деген аталарының атауы бар (Санхүү, 2019: 37). Оларды жалпылап *Дуваан – Уртынхан* (*ұзындардікі*), *Мэндбаяр – Төлөөгийнхэн* (*төлектердікі*), *Вавааш – Зээрдийнхэн* (*жүйріктердікі*), *Буудай – Тэмээчинхэн* (*түйешілердікі*), *Элдээ – Хогшлынхан* (*мүліктердікі*), *Шүгжиг – Гүлдээнхэн* (*гүлдендердікі*), *Өргөнөө – Гэнээргэнэ* (мағынасы анықталмады) деп те атайды. Басқаша айтқанда, бір кіндіктен тараған атаның атымен қосарлана жүретін жалпылама, лақап есімдер де болады. Сонымен қатар хотондарда қазақтар сияқты ат тергеу салты болған, мысалы *Буудай* деген атасының атын айтпас үшін *Шүйтэв* (шиті мылтық) деген ат қойған. Бұл да түркілік хотон есімдерінің сақталып қалуына септігін тигізген.

С. Бадамхатан бастаған зерттеушілер элкэн атауларының географиясы мен этимологиясын былайша тарқатады: *Шаавай* – шорлардың Шобо руының атауы; *Бурд* (*Бурут*) – қырғыз, телеуіт, алтай, торғауыт, тіпті жоңғарлардың құрамында болған тайпалардың атауы; *Шалбаг* – қырғыздардың сулак руы; *Хасан* (*Хаснууд*) – араб адамның аты немесе қазақтарды моңғолдар *хасаг* [hasik], көпше түрде хасгууд [hasgūd] ретінде дыбыстайды, бұл – қазақ этнонимінің атауы; ал *Оготор* [oɣtır] – қырғыз руының атауы, мұндағы *-дар* – көптік жалғауы; *Хольдог* элкэн бұрын *Нилва* немесе *Нилва-Хольдог* деп аталған, бұлар басқалардан бұрын жергілікті халықпен құда-жекжат болып араласып кеткендіктен, моңғол тілінің холих (араластыру) деген сөзінен шыққан.

Хотон есімдерінің жергілікті топонимдік атауларға айналғаны бар. Мысалы, атақты 4 батырының Амаабаатар – *Аагаан* уул (Аған тауы), Хаймаабаатар – *Хайдаа* уул (Хайда тауы), Омообаатар – *Омбоон билчир* (Омбонның жайлауы), Чорбообаатар – *Чорвоон хөтөл*



(Чорвоның асуы) деген атаулар қалыптасқан. Сондай-ақ Шаавайн салаа (Шаавайдың сайы), Дуваан (шұбар жылқылы бай адам болған), *Хармаг*, *Хонкоохоо* (хотондардың құрбан шалатын тауы), *Шашаан худаг* (Шашаның құдығы), *Тогтохын шил* (Тогтохтың мойнағы) және т.б. сол жерді мекендеген немесе ерекше қасиеттерімен халық жадында қалғандықтан антропонимдер апеллятивтеніп, топонимдік атауға ауысқан. Олардың кейбіреуі қазірге дейін аллоним ретінде жарыспалы түрде белсенді болмаса да, қолданылуда.

Хотондар жайлы алғашқы еңбектердегі жоғарыда аталған есімдермен қоса (кейбір фонетикалық ауытқуларды есептемегенде) *Могомет*, *Салээмат*, *Касн*, *Ходжагул* / *Хожгуул*, *Эркэбек*, *Пирмят*, *Тога*, *Мэндьбай*, *Төмөр*, *Шоос*, *Нилваа*, *Жимагул*/ *Жумагуул* деген есімдердің көпшілігі қазіргі түркі тілдерінде, соның ішінде қазақ тілінде де кеңінен қолданылады.

Хотон есімдерінің бірқатарын ән-жырлары, аңыз-әңгімелерінің мәтіндерінен табуға болады. Мұндай тәжірибе әлемдік лингвистикада бар. Бұл жайында «... ежелгі грек романдарында және жоғалған романдардың папирустағы үзінділерінде кездесетін мысырлық әйелдердің антропонимдері мен ол арқылы ашылуы мүмкін шындыққа қатысты кейбір аспектілер» (Maria Paz and etc., 2023: 149-158) зерттелгендігін атап өтуге болады. Хотондарда жазбаша сақталған әдеби мұралары болмаса да, ауыз әдебиеті моңғолша болса да, оған зер салып қарасақ, түркілік тұрпаттағы кісі аттарын таба аламыз. Мысалы: *Журай*, *Жумдаан* («Журай гәлдәнэ» ән мәтінінен алынды), *Мархун* («Мархун молданың қиялы» аңыз атауы), *Гүлдээн*, *Төлөөг*, *Шош*, *Басан*, *Жарай*, *Хожинхул* (*лақап аты* – *Хөххул*), *Хөхөө*, *Жамбал*, *Жоломоон*, *Жана* (ауыз әдебиеті үлгілерінде кездеседі) және т.б. Бұлардың ішіндегі *Гүлден*, *Жоламан*, *Шош*, *Қожақұл*, *Жамбыл* тәрізді есімдер қазақтарда да бар, ал жоғарыда аталған антропонимдер қазақ тілінен табылмаса да, басқа да түркі тілдерінен табылуы әбден мүмкін. Өйткені моңғолдарға бұл есімдер жат. Сонымен қатар дереккөздерінен жинақтаған тізілімнен қазақтар арасында кеңінен қолданылатын төмендегі антропонимдерді атап өтуді жөн көрдік (мұнда 1-сі хотонша, 2-сі қазақша): Аашир – Әшір, Ааяан – Аян, Авдай – Әбди, Авилхан – Әбілхан, Айлиа – Әлия, Алимаа – Әлима, Алимхан – Әлімхан, Алтай – Алтай, Алтан – Алтын, Аман – Аман, Бодуухан – Бодаухан, Кавал – Қабыл, Махмид – Махмуд, Сарвай – Сарыбай, Торгон – Торғын, Освоон – Оспан, Туз – Тұз, Хултай/Хултаа – Құлтай, Загираа – Зағира, Хусайн – Құсайын, Журтман – Жұртаман, Хаваа – Қаба, Сэрэг – Серік және т.б.

Жалпы алғанда, жаңа туған нәрестеге ат қою рәсімі – кездейсоқтық емес, адамдардың өзіндік ішкі тілегі мен ниетін ерекшелеп көрсететін тілдік параметрлердің бірі. Егер сөйлеушілер бірнеше тілді қатар тұтынатын болса, сол тілдердегі мәдени тенденцияларды да қабылдайды. Антропонимдер «... мәдениеттің тіл арқылы қалай жасалатынын және бір ұрпақтан екінші ұрпаққа жалқы есімдер арқылы қалай берілетінін көрсетеді. Сондай-ақ, бұл тілдерде сөйлеушілердің дәстүрлі мәдени тәжірибесінен көрініс табатын ортақ қабылдау немесе дүниетаным бар екенін байқатады» (Nasiyatu and etc., 2023: 87-114). Жалқы есімдердің тіларалық немесе мәдениетаралық алмасу үдерістері ұдайы жүріп отырады. Сондықтан 300 жылдан астам уақыт өзгетілді, мәдениеті мен діні басқа ортада өмір сүрген халықтың антропонимдік сипаты, оның жасалу жолдары әралуан болары сөзсіз.

Этнос атауларының антропологиялық қызметте жұмсалуды жиі кездеседі: *Оросоо* (Орыс), *Хасгаа* (Қазақ), *Сартуул* (Сартуыл), *Ураанхай* (Ұраңқай), *Монгол* (Моңғол), *Мянгад*, *Чантуу*, *Жонгоо* (Жүңге), *Тангад* (Таңғыт), *Хээрээ* (Керей), *Мончоог* ((Көк) Моншак), *Дунгаан* (Дүнген), *Халимаг* (Қалмақ) және т.б.

Зоонимдер, оның ішінде теке, бұқа, қой сияқты жануарлар атаулары аффиксоид ретінде жұмсалып, қалыптасқан есімдер бар: *Цагаантэх* (Ақтеке), *Бортэх* (Қоңыртеке), *Бөртэх* (Бөртеке), *Хөхтэх* (Көктеке), *Хөхбух* (Көкбұқа), *Харбух* (Қарабұқа), *Борхойт* (Қоңырқойлы), *Гулжаа* (Құлжа) және т.б.

Жазылуы мен дыбысталуы сәл өзгешелеу болғанымен, семантикалық тұрғыдан моңғол-хотон-қазақ этнопрагматикалық шеңберге тиесілі есімдер де бар: *Арслан*, *Булган*, *Баатар* (Батыр), *Базар*, *Болд* (Болат), *Бүргэд* (Бүркіт), *Марал*, *Жамбал* (Жамбыл), *Жирэнтэй* (Жирентай), *Төмөр* (Темір), *Тогтаал* (Тоқтал), *Тоть* (Тоты), *Хэнзээ* (Кенже) және т.б.

Қазіргі кезде кісі аттарының басым көпшілігі моңғолша, тибетше, үндіше, орыс және еуропаша. Оларды хотондар өздерінің акустикалық-артикуляциялық дағдыларына қарай бейімдеп игерген. Төменде хотондардың орыс және еуропалық есімдерді игеріп, қолдануы бойынша топтастырып қарастырдық.

**А.** Түпнұсқалық сипаттағы: *Нина*, *Зина*, *Иван*, *Октябрь*, *Рина*, *Сандра*, *Соңя*, *Юра*, *Борис*, *Артур*, *Мира* және т.б.

**Ә.** Моңғол тілінің дыбыстау, графикалық таңбалау ерекшелігіне ыңғайластырылған есімдер: *Галинаа*, *Ромаа/Ромоо*, *Аалаа* (Алла), *Октобор* (Октябрь), *Ийгэр* (Игорь), *Алагсандар* (Александр), *Лийдаа* (Лида), *Диймаа* (Дима), *Бааля* (Валя) және т.б.; мұндай үрдіс үнді-тибет тілінен алған есімдерге де тән: *Тамсран*, *Тамжав* (дұрысы: Лхамсүрэн, Лхамжав) және т.б.

**Б.** Орыс тілінің тектік жұрнақтарымен бірге қолданылуы: *Катов*, *Иванов*, *Молотов*, *Манчков* және т.б.

**В.** Орыс тілінің -ка/каа, -ло постфикстерімен бірге енген есімдер: *Мийшкаа*, *Мийкаа*, *Майкаа*, *Бачка*, *Аашкаа*, *Нинало* және т.б.

**Г.** Орыс тілінің еркелету, өзінсіну сипатындағы нұсқасымен: *Толя*, *Коля* және т.б.; тіпті СССР деген (криптотим сипатындағы) ерекше есімді де кездестірдік, оның фонетикалық варианты – *Сэсээр*. Хотон антропониміне орыс тілінің мұншама ықпал етуі, біріншіден, Моңғол Халық Республикасы социалистік елдер қатарында болған кезде 1980 жылдары Кеңес Одағының мамандары хотондар өмір сүретін Хархираа сұмынының жем-шөп шаруашылығында жұмыс істегеніне; екіншіден, қазақтар сияқты бала тоқтамаған жағдайда жаңылдырып, өзге ұлттың атын қоятындығына байланысты болса керек. Сонымен қатар балаға тіл-көз тимесін деп табу қолданатын жағдай да болады, мысалы, хотондар арасында көп кездесетін *Хулгар* (моңғолша) есімінің негізгі мағынасы *шұнақ* дегенді білдіреді.

Антропонимдердің бір қатарын гибрид есімдер құрайды. Оларды 3 топқа бөліп қарастырдық (мұндағы курсивпен терілгендер – түркілік сөздер): 1. *түркілік негіз* + тибет немесе моңғол негіз: *Балт* + ням, *Жамбал* + дорж, *Отгон* + хүү (зая), *Таран* + пүрэв, *Төмөр* + цоож, *Хос* + баяр; 2. тибет, моңғол *негіз* + түркілік негіз: *Гүмбэн* + болд, *Бум* + балай, *Халзан* + тэгш; 3. түркі, моңғол тілдеріне ортақ сөзден жасалған: *Хөх* + хул, *Барс* + болд, *Алтан* + цэцэг (шешек~гүл) және т.б.

Хотон есімдерінің соңында -аа типіндегі созылыққы, -ай, -эй -ёо қосарлы дыбыстар көптеп кездеседі. Бұл форманттар – моңғол тілдерінің апеллативтік лексикасында етістіктен зат есім тудыратын жұрнақтар, ал антропонимдік лексикада есім сөздерден, кейде етістіктерден, сирек болса да еліктеуіш сөздерден кейін қолданылып, адам есімін жасауда белсенді қызмет атқарады (Ламожапова, 2015: 52). Хотондардағы *Шалдаа*, *Шаркаа*, *Шөвөө*, *Шүлкээ*, *Чойдоо*, *Чоёо*, *Улгаа*, *Жаваа*, *Донио*, *Сэртээ* т.б. есімдер осы тәртіппен жасалған. Ондағы грамматикалық формантты алып тастағанда, түркі тілдеріне қатысты қандай да бір түбір сөздің анықталуы мүмкін деген ойдамыз.

Түркі-моңғол антропонимдеріне ортақ *-хан; -хаан, -хоон* (халх-буряд) және *-бай; -бай/-бой/-вой* (халх-буряд), *-ба* (қалмақ) т.б. аффиксоидтар бар. Мұндай тұлғалар арқылы жасалған хотон есімдері: *Алимхан, Шартхаан, Саятхаан/Саятхан, Хүлэмхаан; Олзвой, Хулзамбай Илчимбээ/Илчинбээ, Тооромбоо* т.б. *-хан* тұлғаларының семантикасы салыстырылып отырған тілдерге түсінікті, ал *-бай* тұлғасы тек түркі тілдеріне тән деуге болады, моңғол тілдерінде ол баян ретінде көрініс табуы керек еді. Моңғолдарда ондай есімдер де (*Баянсан, Өнөрбаян* т.б.) баршылық. Ал *-бай/-бой/-вой* тұлғаларымен жасалғандардың саны шектеулі әрі ол тілде мағынасы анық емес. Демек бұны антропоним жасайтын түркілік формант деп білеміз. Осы қатарға *Илчимбээ/ Илчинбээ, Тооромбоо* тәрізді хотон есімдерін де жатқызамыз. Ал *-бай/-боо /-вой* т.б. әртүрлі нұсқада болуы, біріншіден, дыбыс үндестігіне, екіншіден, моңғолтілділердің дыбысталамы ерекшелігі бойынша қағазға түсіруіне байланысты.

Бурят, моңғол тілдерінде зат есім мен сын есімнің негіздеріне жалғанатын, түрлі семантикалық мән үстейтін *-дай/-дой, -дуй/-дэй* форманттарымен жасалған антропонимдер жиі кездеседі (Ламожарова, 2015: 43), бірақ бұл форманың нақты қандай семантикалық мәні бар екені айтылмайды. Біздің ойымызша, түркі тілдеріндегі ұқсастықты білдіретін *-дай/-дей, -тай/-тей* тұлғаларымен немесе қазақ тіліндегідей еркелету мәніндегі *-тай* формантымен байланысты болуы мүмкін. *Хотондардағы Жумдай, Гүлээндэй, Басандай, Ягаадай, Чулчигдай, Шоволдой, Шомбордой, Охидой, Ошуудай, Магздай* және *-даа* т.б. сияқты созылыңқы дыбыстыға аяқталатын *Гүлээндээ, Элдээ, Чонодоо/Чондоо, Чулдаа* т.б. есімдер осы тәсілмен жасалған.

Хотон есімдерінің ішінде *Жонж, Балаанз, Гүнг, Бурд, Бурж, Мурж, Муңц, Намк, Чайк, Гаанж* т.б. аулауы дауыссыздардың қосарлануымен берілгендері бар. Моңғол тілінде антропоним жасайтын тұлғаларды сүзіп шыққанда, оларда мұндай форманттың жоқ екенін анықтадық. Ал осы модельдегі Жолд қазақ тіліндегі Жолды деген есім екені анық. Демек хотон есімдеріндегі соңғы буындағы дауысты дыбыс моңғол тілінің ықпалымен түсіріліп жазылған. Өйткені моңғол тілінде сөз екпіні бастапқы буынға түседі, ал екінші буындағы жалаң дауысты дыбыс сингармонияға бағынып, жуан немесе жіңішке дыбысталады. Мысалы, Сайханчимэг деген екі сөзден құралған (*сайхан – жақсы, чимэг – әшекей*) моңғол есімі [*sajhyn, čimik*] ретінде дыбысталап, екінші буындардағы *а, э* әріптерімен жазылған сөздер *ы, і* ретінде айтылады. Сондықтан да сөз соңындағы түркілік жалаң дыбыстар елеусізденіп, түсіп қалады.

Хотондардың бірқатар антропонимдері тибет тілінен енген сияқты көрінгенімен, талдай келгенде, түркі тілдеріне қатыстылығын дәлелдеуге болады. Мысалы, *Нүрдээ/ Нүрзээ, Нүрзэд, Нүржин/Норжин* деген есімдер хотондарда жиі кездеседі. Бұларды тибет тілінен аударғанда *Нүрзэд* – тез жасаушы (шығарушы), *Норжин* – дүниені беруші деген мағынаны білдіреді деген түсініктеме беріледі. Біздің ойымызша, бұлардың барлығының басын қосып тұрған алғашқы буыны – нүр, яғни түркі тілдеріндегі нүр сөзі. Моңғолдардың дыбыстауы бойынша *Нүрзия* деген сөзді [*Nürzē*] ретінде айтатынын ескерсек, бұл есімдер *Нүрдээ/Нүрзээ – Нүрзия, Нүрзэд – Нүрзат немесе Нүрзада*, ал *Нүржин/Норжон – Нүржан* болуы әбден мүмкін. Тибет немесе моңғол тіліне тиесілі емес екендігін олардың ортақ белгілерінің болмауымен түсіндіруге болады. Мысалы, моңғолдарда *-жин* формантты, тибет тілінен енген *Должин* (қайғы-мұңнан арылтушы), *Бүжин* (кішкентай бала/көжек), *Балжин* (шоқ беруші), *Ранжин* (өзі шыққан), *Жанжин* ((қытай: пиньинь) әскери шен, қолбасшы), *Пулжин* (үлгі, дәмнің алды) тәрізді есімдер көп, бірақ ондағы *-жин* формантын белгілі бір семантикалық ұяшыққа біріктіру мүмкін емес. Моңғолдарда 3-10 сандарына тіркескен *Гурванжин*,

*Дөрвөнжін, Таванжін, Зургаанжін, ..., Найманжін, Есөнжін, Арванжін* деген адам аттары бар, бірақ мұндай есімдер басқа сөз табынан жасалмайды. Ал қазақ тілінде Біржан, Саржан, Елжан, Гүлжан т.б. есімдер аясы кең. Сондықтан біз хотондардағы -жін/жон тұлғалары жан сөзі деп ойлаймыз. Сол сияқты *Мулзаа* (Молзия), *Оролзад / Оролзод* (Оралзат /Оралзада) деген есімдердің құрамындағы -зия, -зада, -зат сөздері де антропонимдік аффиксоид екені анық.

Хотондар арасында жиі қойылатын есімнің бірі – Басан, ондай есім моңғолдарда да бар. Моңғол Елінің Бірыңғай статистикалық деректер қорында осындай есімді 155, ал Басандай есімді 2 адам бар<sup>6</sup> екені көрсетілген. Моңғол тілінде *басан* сөзі *жапон мифологиясында ұшпайтын құс* дегенді білдіреді; ал М. Қашқари сөздігінде *басан* (№2237) – қайтыс болғандарды еске алу үшін берілетін ас (Махмұд, ал-Кāшгарй, 2005: 376). Ұлы ғалымның сөздігінде хотондар антропонимінен генониміне айналған *Адж Курум/Ач курум/Аджкурман*, қазіргі кезде *Ачкурим, Ачкурман* ретінде сақталған есімдерінің соңғы сыңары *курум* (№2228, 2229) – жартас; мол байлық, қазына; *курман* (№2576) – садақшы (Махмұд, ал-Кāшгарй, 2005: 376) деп түсіндірілген. Ал чуваш тілінде *васан* сөзі «қуыс», «құрғақ сай»; диалектінде «бұлақ» дегенді білдіреді (Егоров, 1964: 47). *Катав /Катев* антропонимін қазақ тіліндегі кәтеп сөзімен байланыстыруға болады: «Нар түйенің ыңыршағы; жүк артқанда нардың өркешіне батпау үшін ұзынынан қойылатын ағаш, қәтеп болып та айтылады (Қайыржан, 2013: 215). Сондай-ақ, *Агсарга, Балх, Вавааш /Вовааш* тәрізді есімдер ежелгі түркілік сөздердің тұрпатына ұқсас, бұларды (жалпы хотондардікі деп теріп алған есімдерді) Моңғолия халықтарының антропонимдік деректері де қамтылған статистикалық сайтынан таппадық, есесіне түркі халықтарында мұндай есімдер кездеседі, осы сияқты деректердің нақты қай тілге тән екендігін және этимологиясын анықтауды болашақ зерттеулердің еншісіне қалдырып отырмыз.

### Нәтижелер

Хотон есімдерінің тізбесі жасалды және оны сараптау нәтижесінде аталған тілдің лексикалық қорына бұрынғы дереккөздерінде тіркелмеген 100-ден астам жаңа сөз қосылды. Мысалы, *Ааяан, Авилхан, Алимхан, Жолд, Журтман, Кавал, Сарвай, Сэрэг, Торгон, Туз, Хаваа, Хултай/Хултаа* тәрізді антропонимдердің құрамынан *аян, әбіл, әлім, жол, жұрт, аман, қабыл, сары, бай, серік, торғын, тұз, қаба, құл, тай* деген жаңа сөздерді бөліп алдық.

Хотондардың жат өлкеде, бір жағынан, өздерінің салт-дәстүрі мен діни наным-сенімдерін сақтау, екінші жағынан, тұрып жатқан мекеніндегі халықтармен үйлесіп өмір сүру ниетінің көрінісі антропонимдерден анық байқалады. Кісі аттарына қоғамдағы өзгерістер мен белгілі бір уақыттағы трендтер де әсер етпей қоймаған. Сондықтан моңғол, тибет-үнді, орыс-еуропа сипатындағы есімдер де кеңінен қолданылады. Біз бұл топтағы түркілік элементі бар есімдерді талдай келе, хотон есімдері: 1) біріккен сөздер арқылы (екі сөз де түркілік немесе бір сыңары түркілік, екіншісі шеттілдік); 2) түркі-моңғол тілдерінде параллель қолданылатын *-хан -хаан, -хоон -бай/-бой/-вой; -дай/-дой, -дуй/-дэй* (моңғол тілдерінде), *-дай/-дей, -тай/-тей* (түркі тілдерінде) тұлғаларымен; 3) түбір сөздердің *-тай, -бай, -хан* т.б. ретіндегі аффиксоидтармен жасалатындығын

<sup>6</sup> Монгол Улсын Статистикийн мэдээллийн нэгдсэн сан (Моңғол Елінің Статистикалық деректерінің бірыңғай қоры) [Электрондық қор] – URL: <https://www2.1212.mn/sonirkholtoi/GivenName/> (қаралған күні: 15.05.2024).

анықтадық. Кейбір есімдердің моңғолданғаны сонша, сырттай қарағанда, тибет тәрізді жат тілдің элементі сияқты көрінеді. Оны моңғол тілінің заңдылықтарын саралау нәтижесінде, түркілік есім екені дәлелденді. Сонымен қатар хотондар шеттілдік кісі аттарын өздерінің фонологиялық қолайына қарай бейімдеп игергендігі аңғарылды.

### Қорытынды

Үш ғасырдан астам уақыт түркілерден қол үзіп, ана тілдерін толық ұмытып, моңғолтілді қауымға айналса да, хотондардың антропонимдік лексикасы белгілі бір деңгейде сақталған. Олардың санасында ата-бабасы, түп-тұқиянына деген құрмет, салт-дәстүрінің арқасында тілінің бір парасы жеке адамдардың есімі ретінде бүгінгі күнге жеткен. Жойылған түркі тілінің лексикасын түгендеп, оның қай топқа жататындығын нақты анықтау үшін бұл да маңызды дереккөз бола алады. Бұл іске барлық түркітанушы ғалымдар назар аударып, ат салысса құп болар еді. Өйткені хотондар сөйлеген тіл – бірнеше түркі тілдерінің ерекшеліктерін бойына сіңірген, жаңа және ескі түркі тілдерінің де белгілері бар, айрықша сипаттағы тіл.

Хотон есімдерінде туыстас тілдердің төл сөздерімен қатар араб-парсыдан келген антропонимдер де мол кездеседі. Оның да этимологиясын анықтап, мәнін ашудың маңыздылығы бар, яғни зерттеу жұмысымыз осы бағытта әрі қарай жалғасатын болады. Ал хотон антропонимдерінің толық тізімін алдағы еңбектерімізде (монографияның қосымшасы ретінде) жариялайтын боламыз.

### Әдебиет

Владимирцов Б.Я., 1916. Турецкий народец хотоны: Новые данные о хотонах // Записки Восточного Отделения Императорского Русского Археологического Общества. Пг.: Типография Императорской Академии Наук. С. 265-277.

Донгак А.С., 2019. Культ умерших предков в традиционной обрядности хотонов Западной Монголии // Сборник статей VII международной научно-практической конференции «Тенгрианство и эпическое наследие народов Евразии: истоки и современность». Бишкек. С. 105-108.

Егоров В.Г., 1964. Этимологический словарь чувашского языка. Чебоксары: Чувашское книжное издательство. 357 с.

Қайыржан К., 2013. Сөз-сандық: қазақтың көне сөздері. Алматы: Өнер. 480 б.

Ламожапова И.А., 2015. Исконные личные имена у монгольских народов: структура, семантика: учеб. пособие. Чита: Изд-во ЗабГГПУ. 139 с.

Махмұд ал-Кашғарй., 2005. Диван Лугат ат-Турк /пер. З.-А.М.Ауэзовой. Алматы: Дайк-Пресс. 1288 с. + 2 с. вкл.

Потанин Г.Н., 2005. Очерки Северо-Западной Монголии. Горно-Алтайск: Ак Чечек. 1026 с.

Санхүү Б., 2015. Хотон монголчуудын түүх, соёлын судалгаа. Ойрад судлалын бюллетень-ХЛХ. Улаанбаатар: Тод номын гэрэл төв. 240 х.

Санхүү Б., 2019. Хотон ястны ургийн алтан бичээс. Улаанбаатар: ТЭПЭ ХХК. 182 х.

Смайыл А., 2013. Көп томдық шығармалары. Т.3. Астана: Фолиант. 400 б.

Шәкәрім Қ., 1991. Түрік, қырғыз-қазақ һәм хандар шежіресі. Алматы: Қазақстан; Сана. 80 б.

Hasiyatu A., Samuel A., Samuel I., Moses O.A., John D.L., N.N. Mabilia N.N., 2023. languages and cultures expressed through personal names // International Journal of Language and Culture, Volume 10, Issue 1. P. 87–114. [Electronic resource] – URL: <https://doi.org/10.1075/ijolc.22037.abu> (Accessed: 02.02.2025).

Karatayev, O., 2015. Kirgiz soylu hotonlar. Moğolistan'daki «kirgiz» etnonimleri ve toponimleri // Karadeniz, Sayı: 26, pp. 11-20. [Электронный ресурс] – URL: <https://dergipark.org.tr/en/download/article-file/155505> (дата обращения: 09.10.2023).

Magdalena T.F., 1979. The Khotan of western Mongolia // Acta Orientalia Academiae Scientiarum Hungaricae. T. XXXIII (1). P. 1-37.

María Paz L.M., Carlos S.-M.E., Ana Belén Z.G., 2023. The Reality of Women in the Universe of the Ancient Novel // Research in Linguistics and Literature. P. 149–158. [Electronic resource] – URL: <https://doi.org/10.1075/ivitra.40.09bla?locatt=mode:legacy> (Accessed: 10.01.2025).

### Reference

Vladimirsov B.İa., 1916. Tureski narodes hotony: Novye dannye o hotonah [Turesk peoples Khotons: New data about Khotons], Zapiski Vostochnogo Otdelenia İmperatorskogo Russkogo Arheologicheskogo Obşestva [Notes of the Eastern Branch of the Imperial Russian Archaeological Society]. Pg.: Tipografia İmperatorskoi Akademii Nauk. P. 265-277. [in Russian].

Dongak A.S., 2019. Kült umershih predkov v tradisionnoi obrädnosti hotonov Zapadnoi Mongolii [The cult of dead ancestors in the traditional ritual of the Khotons of Western Mongolia] (Sbornik statei VII MNPK:Tengrianstvo i epicheskoe nasledie narodov Evrazii: istoki i sovremennost) [Collection of articles of the VII International Scientific and Practical Conference “Tengrianism and the Epic Heritage of the Peoples of Eurasia: Origins and Modernity”]. Bishkek. P. 105-108. [in Russian].

Egorov V.G., 1964. Etimologicheskii slovar chuvashskogo iazyka [Etymological dictionary of the Chuvash language]. Cheboksary: Chuvashskoe knizhnoe izdatelstvo. 357 p. [in Russian].

Qaiyrjan K., 2013. Söz-sandyq: Qazaqtyñ köne sözderi [Vocabulary: Ancient Kazakh words]. Almaty: Öner. 480 p. [in Kazakh].

Lamojapova İ.A., 2015. İskonnye lichnye imena u mongölskih narodov: struktura, semantika: uchebnoe posobie [Original personal names among the Mongolian peoples: structure, semantics: textbook]. Chita: İzd-vo ZabGGPU. 139 p. [in Russian]

Mahmýd al-Kashgari, 2005. Divan Lugat at-Turk [Divan Lugat at-Turk] (per. Z.-A.M. Auezovoi) [transl. of Z.-A.M. Auezova]. Almaty: Daik-Press. 1288 p. + 2 p.ill. [in Russian].

Potantin G.N., 2005. Ocherki Severo-Zapadnoi Mongolii [Sketches of Northwestern Mongolia. Gorno-Altaysk: Ak Chechek. 1026 p. [in Russian].

Sanhüü B., 2015. Hoton mongolchuudyn tüüh, soölyn sudalgaa [Research into the history and culture of Mongolian khotons] (Oirat sudlalyn bülleten-XLIX) [Bulletin on Oirat Studies]. Ulaanbaatar: Tod nomyn gerel töv. 240 p. [in Mongolian].

Sanhüü B., 2019. Hoton iastny urgin altan bichees. T.2. [Golden inscription of the khotons fetus. V.2.]. Ulaanbaatar: TEPE HHK. 182 p. [in Mongolian].

Smaiyıl A., 2013. Köp tomdyq şyğarmalary. T.3 [Multi-volume works. V.3.]. Astana: Foliant. 400 p. [in Kazakh].

Şäkärım Q., 1991. Türk, qırğyz-qazaq häm handar şejiresi [Turkish, Kyrgyz-Kazakh and khan genealogy]. Almaty: Qazaqstan; Sana. 80 p. [in Kazakh].

Hasiyatu A., Samuel A.I., Samuel O.A., Moses, D.L., John, N.N. Mabilia languages and cultures expressed through personal names [International Journal of Language and Culture]. Volume 10, Issue 1. P. 87–11. [Electronic resource]. URL: <https://doi.org/10.1075/ijolc.22037.abu> (Accessed: 02.02.2025).

Karatayev O., 2015. Kirgiz soylu hotonlar. Moğolistan'daki «kirgiz» etnonimleri ve toponimler [Kyrgyz noble Khotons. «Kirgiz» ethnonyms and toponyms in Mongolia]. Karadeniz. P. 11-20. [Electronic resource]. URL: <https://dergipark.org.tr/en/download/article-file/155505> (Accessed: 09.10.2023). [in Turkish].

Magdalena T.F., 1979. The Khotan of western Mongolia [Acta Orientalia Academia Science arum Hung. T. XXXIII (1). P. 1-37].

María Paz L.M., Carlos S.-M.E., Ana Belén Z.G., 2023. The Reality of Women in the Universe of the Ancient Novel. Research in Linguistics and Literature. P. 149–158. [Electronic resource]. URL: <https://doi.org/10.1075/ivitra.40.09bla?locatt=mode:legacy> (Accessed: 10.01.2025).

**Авторлар туралы мәлімет:**

Гомбосүрэн Нямдаваа, PhD, вице-профессор, Моңғол мемлекеттік университетінің Батыс өңірлік Ховд университеті, Жаргалант көшесі, 3, Ховд, Моңғолия.  
ORCID: 0000-0001-8633-9889

Әбдікәрім Нұрзия, филология ғылымының кандидаты, Терминология бөлімінің жетекші ғылыми қызметкері, Ш. Шаяхметов атындағы «Тіл-Қазына» ұлттық ғылыми-практикалық орталығы, Сауран көшесі, 7а, Астана, Қазақстан Республикасы.

ORCID: 0000-0001-7990-5846

Scopus ID: 59304730300

**Information about authors:**

Gombosuren Nyamdavaa, PhD, Vice Professor, Western Regional University Khovd Mongolian State University, 3 Zhargalant Str., Khovd, Mongolia.

ORCID: 0000-0001-8633-9889

Abdikarim Nurziya, Candidate of Philology, Leading Researcher, Terminology Department, «Til-Qazyna» Sh. Shayakhmetov National Scientific and Practical Center, 7a Sauran Str., Astana, Republic of Kazakhstan.

ORCID: 0000-0001-7990-5846

Scopus ID: 59304730300

**Сведения об авторах:**

Гомбосүрэн Нямдаваа, PhD, вице-профессор, Западный региональный университет Ховд Монгольского государственного университета, ул. Жаргалант, 3, Ховд, Монголия.

ORCID: 0000-0001-8633-9889

Абдиқарим Нурзия, кандидат филологических наук, ведущий научный сотрудник отдела терминологии, Национальный научно-практический центр «Тіл-Қазына» имени Ш.Шаяхметова, улица Сауран, 7а, Астана, Республика Казахстан.

ORCID: 0000-0001-7990-5846

Scopus ID: 59304730300